

Азаматтық қызметшілер болыш табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет және спорт саласындағы мамандар лауазымдарының тізбесін айқындау туралы

Ақтөбе облысы Байғанин аудандық әкімдігінің 2016 жылғы 18 сәуірдегі № 67 қаулысы. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 5 мамырда № 4891 болып тіркелді.

Ескерту. Қаулының тақырыбы жаңа редакцияда - Ақтөбе облысы Байғанин аудандық әкімдігінің 18.11.2021 № 280 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он құн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31- бабына, Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы Енбек кодексінің 18 және 139 баптарына сәйкес Байғанин аудандық әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Азаматтық қызметшілер болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет және спорт саласындағы мамандар лауазымдарының тізбесі қосымшага сәйкес айқындалсын.

Ескерту. 1 тармақ жаңа редакцияда - Ақтөбе облысы Байғанин аудандық әкімдігінің 18.11.2021 № 280 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он құн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Ш.Спановаға жүктелсін.

3. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он құн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі  
Байғанин аудандық  
мәслихатының хатшысы

"18" сәуір 2016 жыл

М.Акқагазов

Б.Тұрлыбаев

Байғанин ауданы әкімдігінің  
2016 жылғы 18 сәуірдегі  
№ 67 қаулысына қосымша

Байғанин ауданы бойынша азаматтық қызметшілер болыш табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет және спорт саласындағы мамандар лауазымдарының тізбесі

Ескерту. Қосымша жаңа редакцияда - Ақтөбе облысы Байғанин аудандық әкімдігінің 01.11.2023 № 234 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

Мәдениет саласы

Ауылдық маңызы бар ММ және МҚҚ басшысы (директоры)

ММ және МҚҚ біліктілігі жоғары деңгейдегі жоғары, бірінші, екінші санаттағы мамандар:  
библиограф, кітапханашы, дыбыс режиссері, мәдени ұйымдастырушы (негізгі қызметтер), ұжым (үйірме)  
басшысы, музыкалық жетекші, режиссер, қоюшы-режиссер

ММ және МҚҚ біліктілігі жоғары деңгейдегі санаты жоқ мамандар:

библиограф, кітапханашы, дыбыс режиссері, мәдени ұйымдастырушы (негізгі қызметтер), ұжым (үйірме)  
басшысы, музыкалық жетекші, режиссер, қоюшы-режиссер, хореограф

ММ және МҚҚ біліктілігі орташа деңгейдегі жоғары, бірінші, екінші санаттағы мамандар:

библиограф, кітапханашы, дыбыс режиссері, мәдени ұйымдастырушы (негізгі қызметтер), ұжым (үйірме)  
басшысы, музыкалық жетекші, режиссер, қоюшы-режиссер

ММ және МҚҚ біліктілігі орташа деңгейдегі санаты жоқ мамандар:

библиограф, кітапханашы, дыбыс режиссері, мәдени ұйымдастырушы (негізгі қызметтер), ұжым (үйірме)  
басшысы, музыкалық жетекші, режиссер, қоюшы-режиссер, хореограф

Әлеуметтік қамсыздандыру саласы

ММ және МҚҚ біліктілігі жоғары деңгейдегі жоғары, бірінші, екінші санаттағы мамандар:

әлеуметтік жұмыс жөніндегі консультант, Мансап орталығының әлеуметтік жұмыс жөніндегі  
консультанты, қарттар мен мүгедектігі бар адамдарға күтім жасау жөніндегі әлеуметтік қызметкер,  
психоневрологиялық аурулары бар мүгедектігі бар балалар мен 18 жастан асқан мүгедектігі бар  
адамдарға күтім жасау жөніндегі әлеуметтік қызметкер

ММ және МҚҚ біліктілігі жоғары деңгейдегі санаты жоқ мамандар:

әлеуметтік жұмыс жөніндегі консультант, Мансап орталығының әлеуметтік жұмыс жөніндегі  
консультанты, қарттар мен мүгедектігі бар адамдарға күтім жасау жөніндегі әлеуметтік қызметкер,  
психоневрологиялық аурулары бар мүгедектігі бар балалар мен 18 жастан асқан мүгедектігі бар  
адамдарға күтім жасау жөніндегі әлеуметтік қызметкер, әлеуметтік жұмыс жөніндегі ассистент

ММ және МҚҚ біліктілігі орташа деңгейдегі бірінші, екінші санаттағы мамандар:

Мансап орталығының әлеуметтік жұмыс жөніндегі консультанты, қарттар мен мүгедектігі бар адамдарға  
кутім жасау жөніндегі әлеуметтік қызметкер, психоневрологиялық аурулары бар мүгедектігі бар балалар  
мен 18 жастан асқан мүгедектігі бар адамдарға күтім жасау жөніндегі әлеуметтік қызметкер

ММ және МҚҚ біліктілігі орташа деңгейдегі санаты жоқ мамандар:

Мансап орталығының әлеуметтік жұмыс жөніндегі консультанты, қарттар мен мүгедектігі бар адамдарға  
кутім жасау жөніндегі әлеуметтік қызметкер, психоневрологиялық аурулары бар мүгедектігі бар балалар  
мен 18 жастан асқан мүгедектігі бар адамдарға күтім жасау жөніндегі әлеуметтік қызметкер, әлеуметтік  
жұмыс жөніндегі ассистент

Техникалық орындаушылар: Мансап орталығының ассистенті

Спорт саласы

Аудандық маңызы бар ММ және МҚҚ басшысы

Аудандық маңызы бар ММ және МҚҚ басшысының орынбасары

Біліктіліктері жоғары деңгейдегі санаты жоқ мамандар:

әдіскер, жаттықтырушы-оқытушы, нұсқаушы-спортшы

Аббревиатуралардың толық жазылуы:

Ауылдық маңызы бар ММ – бұл ауылдық округтің, ауылдық округтің құрамына  
кірмейтін кент пен ауылдың жергілікті атқарушы органдар қарамағындағы мемлекеттік  
мекемелері;

Ауылдық маңызы бар МҚК – бұл ауылдық округтің, ауылдық округтің құрамына кірмейтін кент пен ауылдың жергілікті атқарушы органдар қарамағындағы мемлекеттік қазыналық кәсіпорындары;

Аудандық маңызы бар ММ – бұл аудандар, облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдар қарамағындағы мемлекеттік мекемелері;

Аудандық маңызы бар МҚК – бұл аудандар, облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдар қарамағындағы мемлекеттік қазыналық кәсіпорнындары.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заннама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК